# ТӘЖІРИБЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс**

## Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

**Тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, өскен аулына, қала мен өңіріне, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

**Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

**Іске асыру тетіктері:**

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

**Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

## ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар**

***(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этикалық мәдениет, салт-дәстүр)* құрайды.**

1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2.Рухани-танымдық тәрбие;
3.Ұлттық тәрбие;
4.Отбасылық тәрбие;
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

# ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

- *ҚР Конституциясына – 26 жыл;*
- *Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы;*
- *Отбасы күні.*

*1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;*
*5 қыркүйек-Тілдер күні, апталық;*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **БІЛІМ КҮНІ** *(Тәуелсіздікке-30жыл)* | Салтанатты жиын | 01.09.21 | 1-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі Кузенбаева М |
| | | | | Тәрбие сағаты | | | |
| | | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Ата Заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі»** *(ҚР Конституциясына – 26 жыл)* | Тәрбие сағаты | 05.09.21 | 9-11 сыныптар | Бурлибаева Г Шуменов У Таскулова А |
| | | | **«Абайлаңыз балалар!»** акциясы *(арнайы жоспар)* | Апталық | 10-15.09.2021 | 1-4 сыныптар | Кузенбаева М Серкулова Г Ержанова З Бишова Б Дюсенова Ж Тоғызбаев Д |
| | | | *Білім басқармасы, құқық қорғау органы, прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп* **«Мобильді топ»** *құру* | Бұйрық, рейд жүргізу | 10тамыз | «Мобильді топ» мүшелері | Мектеп әкімшілігі Кузенбаева М |
| | | | **«Мектептегі мінез-құлық ережелері»** *(Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)* | Тәрбие сағаты | 10.09.2021 | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру **«Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»** | Мерекелік кеш<br>тәрбие сағаты | 6.09-17.09.2021 | 8-9 сынып оқушылары, Пән мұғалімдері | Кузенбаева М Сейітжанова А Аманкелді Б |
| 3 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Қамқорлық» жобасы** | **«Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!»** *қайырымдылық акциясы* | Акция | Тамыз-қыркүйек | 1-11 сыныптар | Құқық және тәртіп фракциясы Құрбанбеков Е Қайырымдылық фракциясы |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Отбасы-бақыт мекені»** */арнайы жоспар/* | Апталық | 20-25.09.2021 | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М Кенжебаева Б Құрбанбеков Е Жакыпбеков К |
| | | | Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасы аясында мектепте **«Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі»** құру. */Арнайы жоспарлар әзірлеу/* | Жоспарға сәйкес | 15.09.2021 | Аталар, әжелер, аналар,әкелер мектебінің мүшелері | Кузенбаева М «Аталар», «Әжелер» «Аналар», «Әкелер» мектебінің төрайымы, төрағасы |
| 5 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында **«Сен туған Қазақстаныңды білесің бе?»** | Оқырмандар сайысы | 20.09.2021 | 5-10 сыныптар | Аяпова М Караманова А Бурлибаев М |
| | | | **«Кел, балалар, оқылық!»** /Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы/ | Челлендж | 27.-01.09.2021 | 1-11сыныптар Ата-аналар, мұғалімдер | Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері Анаркүл Ш |
| | | | **«Кітап –ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»** | Апталық | | | |
| 6 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ** | **«ЭКОstart» жобасы** | **«Табиғат тамашалары»** | Сурет байқауы | 27.09.2021 | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер Анаркүл Ш Экология және |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | | **«Мен қызығатын әлем»** | Фото коллаж | 28.09.2021 | 5-7 сыныптар | еңбек фракциясы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Біз өнерлі жастармыз!»** | Флешмоб | 29.09.2021 | 8-9 сынып | Аманкелді Б Бурлибаева Г Анарқұл Ш |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы!** | Акция | 30.09.2021 | 8-11 сыныптар | Спорт және салауатты өмір салты фракциясы Сынып жетекшілер |

## ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

- ***1 қазан – Мұғалімдер күні, Қарттар күні;***
- ***Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы;***
- ***Хамит Ерғалиевтің 105 жылдығы;***
- ***Сайын Мұратбековтың 85 жылдығы;***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Қылмыссыз балалық шақ»** */арнайы жоспар/* | Айлық | 04.10-29.102021 | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М Тоғызбаев Д Кенжебаева Б Сынып жетекшілер |
| | | | **«Тұрмыстық зорлық –зомбылықсыз Қазақстан»** */арнайы жоспар/* | Пилоттық жоба | | | |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ұстаз деген жарқын күні ғаламның»** | Мерекелік кеш | 06.10.2021ж | 11 сыныптар Мұғалімдер | Кузенбаева М Анарқұл Ш сын.жетекшілері |
| | | | **«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!»** | Өнеге сабағы | 04.10.2021 | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер Анарқұл Ш |
| | | | 1қазан - Қарттар күніне арналған **«Өз жүрегінмен жылыту»** | Қайырымдылық акциясы | 04-08.10.2021 | 1-11 сыныптар | |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда»** *(Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай)* | Тәрбие сағаты | 05.10.2021 | 5 сынып | Сейітжанова А |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Бір отбасы – бір кітап»** | Сурет, бейне түсірілім байқауы | 12.10.2021 | 1-11 сыныптар | Аяпова М Сынып жетекшілер |
| | | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Әкем айтқан нақыл сөз...»** | «Айтарым бар...» ток-шоу | 14.10.2021 | 9-11 сыныптар | Кузенбаева М «Әкелер» клубы |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«ЭКОstart» жобасы** | **«Сақ болсаң, сау боласың!»** | Марафон, видео түсірілімдер | 19.10.2021ж | 1-7 сыныптар | Анарқұл Ш Құрбанбеков Е Жақып Ж |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«BOOKDATING – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы** | **«Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары.Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі »** | Дебат | 21.10.2021ж | Дебат клубының мүшелері 9-11 сыныптар | Кузенбаева М Анарқұл Ш |
| | | | **«Көшбасшы - 2021»** | Зияткерлік байқауы | 28.10.2021ж | 8-11 сыныптар | Кузенбаева М |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Мектебім - мақтанышым»** | ART-кеңістігі | 29.10.2021ж | 1-11 сыныптар | Жақыпбеков К |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **Дене тәрбиесі пән бірлестігінің *онкүндігі*** | Жоспарға сәйкес сыныптан тыс іс-шаралар *(онкүндік)* | 11-13.10.2021 | 1-11 сыныптар | Құрбанбеков Е Жақып Ж |

## ҚАРАША – Поэзия айы

- ***15 қараша-Ұлттық валюта күні;***
- ***Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы;***
- ***Күзгі демалыс.***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Қоғамдық тәртіп негіздері»** | Дебат | 01.11.2021 | 8-11 сыныптар | Анарқұл Ш |
| | | | **«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»** */арнайы жоспар/* | Апталық | 01-05.11.2021 | 5-11сыныптар | Кузенбаева М «АНТ» тобы мүшелері |
| | | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»** | Танымдық сабақ | 02.11.2021 | 5-11сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы | **«Тәуелсіздік ұрпақтары»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Челлендж | 03.11.2021 | 5-10 сыныптар | Анарқұл Ш |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | 15 қараша-Ұлттық валюта күні **«Теңге – Тәуелсіздік келбеті»** **«Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші»** | Тәрбие сағаттары | 08.11.2021 | 5-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Біз оқитын 30 кітап»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | «REDx» жұмысы | 09.11.2021 | 5-11 сыныптар | Аяпова М Сынып жетекшілер |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»** | Үздік ЭССЕ конкурсы | 10.11.2021 | 5-9 сыныптар | Сейітжанова А Тулекова Б |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Тоғызқұмалақ-day»** | Отбасылық турниры | 11.11.2021 | 1-9 сыныптар | Құрбанбеков Жақып Ж |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал friends»** жобасы | **«Адал еңбек бейнесі»** | Сурет конкурсы | 12.11.2021 | 2-3 сыныптар | Ирисбекова К Бишова Б |
| | | **«Үнем - қоғам қуаты» жобасы** | Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған **«Үнемділік инноваторы»** | Жарнамалық жұмыстар конкурсы | 15.11.2021 | 5-10 сыныптар | Орынбеков С Бекназарова Н |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | Мектепте, үзілісте... **«М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз»** | Бірыңғай оқу сағаты | 18.11.2021 | 2 -7 сыныптар | Аяпова М Сынып жетекшілер |
| | | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | Ы.Алтынсаринге -180 жыл **«Ұлы даланың ұландары»** | Зияткерлік ойын | 20.11.2021 | 5 -7 сыныптар | Аяпва М Сынып жетекшілер |
| | | | **«Ж.Жабаевтың өмірінен 10 дерек** | Ақпараттық -Time | 22.11.2021 | 8-11 сыныптар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Мен ерекше баламын»** | Байқау | 25.11.2021 | 1-4 сыныптар | Бишова Б Дюсенова Ж Серкулова Г |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Шахмат-day»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Отбасылық турнир | 26.11.2021 | 5-7 сыныптар | Құрбанбеков Е Жақып Ж |

## ЖЕЛТОҚСАН – «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»

- *1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні;*
- *1желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні;*
- *Желтоқсан оқиғасына-35 жыл;*
- *16 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 30 жылдығы.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«Бейбіт күннің батыры»** *(Желтоқсан оқиғасына-35 жыл)* | Кездесу | 01.12.2021 | 5-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі Кузенбаева М Анарқұл Ш Орынбеков С |
| 2 | **РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Адал friends» жобасы** | **«Мен және менің елім»** | АРТ - көрмесі | 02.12.2021 | 1-11 сыныптар | Шуменов У Құрбанбеков Е Сынып жетекшілер |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Елбасының көшбасшылық сабақтары»** | Тәрбие сағаттары | 29.12.2021 | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»** | Дебат | 30.12.2021 | Дебат клубының мүшелері | Анарқұл Ш |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ» жобасы** | **«Ең үздік – 30 отбасы»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 03.12.2021 | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үнем - қоғам қуаты» жобасы** | **«Іскерлік қарым-қатынас этикасы»** | Тәрбие сағаттары | 06.12.2021 | 8-10сыныптар | Аманкелді Б Бурлибаева Г Шуменов У |
| | | | **«Жарнама жасау өнері»** | | | | |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы<br>**«30 игі іс» жобасы** | **«Ең үздік – 30 Ұлан»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 08.12.2021 | 5-11 сыныптар | Кузенбаева М Анарқұл Ш |
| | | | **«Жылдың үздік сыныбы»** | Байқау | 16.-12.12.2021 | 1-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі Кузенбаева М |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **Жаңа-жылдық шырша** | Мерекелік іс-шара | 26.12.2021 1-4 сыныптар 29.12.2021 5-11 сыныптар | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М Анарқұл Ш |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күн** */арнайы жоспар/* | Апталық | 13-17.12.2021 | 5-11 сыныптар | Кузенбаева М Искакова З |
| | | | **«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»** *(Үздік 30 спортшыны анықтау)* | Спорттық сайыстар | 22.12.2021 | 1-11 сыныптар | Құрбанбеков Е Жақып Ж Жұмалиев М |

# АҚПАН АЙЫ

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ | «Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы | «Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау» | Тәрбие сағаты | 31.01.2022 | 1-4 сыныптар | Серкулова З Дюсенова Ж Бипова Б |
| | | | «Құқықтық сауаттылық - заман талабы» | Әңгіме - сұхбат | 01.02.2022 | 8-9 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ | «Дәстүр мен ғұрып» жобасы | «Жұлдызды сәт» *салт-дәстүрдің ең үздік білгірі* | Сайыс | 04.02.2022 | 8 -сыныптар | Кузенбаева М Сейітжанова А Тулекова Б |
| 3 | ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ | «Адал friends» жобасы | «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» | Ақпараттық сағат | 09.02.2022 | 8-11 сыныптар | Сынып жетекшілер «АНТ» тобы |
| 4 | ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ | «Шаңырақ» жобасы | «Бақытты отбасы- зорлық зомбылықсыз әлем» | Әңгіме, кеңес | 15.02.2022 | 7 сыныптар | Кузенбаева М Кенжебаева Б Құрбанбеков Е |
| 5 | ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ | «Bala-BUSINESS» жобасы | «Ізденіс,еңбек, талпыныс-жетістік кілті | Кездесу | 17.02.2022 | 9-11 сыныптар | Тыныштық А Анарқұл А |
| 6 | ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ | «Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы | «Өзіңді тану-өмірді тану» | Пікірталас | 21.02.2022 | 9-сыныптар | Жақыпбеков К |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс»** | Қыздар кеңесі | 23.02.2022 | 8-11 сынып қыздары | Кузенбаева М<br>Кенжебаева Б<br>Құрбанбеков Е |
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Отбасылық эстафеталық ойындар»** | Жарыс | 25.02.2022 | 5-6 сыныптар | Кузенбаева М<br>Анарқұл Ш<br>Құрбанбеков Е<br>Анарқұл Ш |

## НАУРЫЗ -«Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»

- *1 наурыз – Алғыс айту күні*
- *8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні*
- *22 наурыз - Наурыз мейрамы*
- *27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал friends» жобасы** | **«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек»** | Эссе конкурсы | 03.03.2022 | 8-9 сыныптар | Кузенбаева М Сейітжанова А Тулекова Б |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | 1 наурыз – Алғыс айту күні **«Алғыс – бұл ...»** | Тәрбие сағаты | 28.02.2022 | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М Сынып жетекшілері |
| | | | **«Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі»** мерекелік іс-шара | Мерекелік Концерт | 01.03.2022 | Наурыз | Мектеп әкімшілігі Кузенбаева М Анарқұл Ш |
| | | | **«Наурызым – құт берекем!»** | Ашық тәрбие сағаттары | 02.03.2022 | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілері |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ» жобасы** | **«Анама арнаймын» «Атадан-өсиет, анадан-қасиет»** *(тыйым сөздердің мағынасы)* | Акция Зияткерлік ойындар | 03.02.2022 | 8-9 сыныптар | Аманкелді Б Бурлибаева Г |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Еңбек-елдің мұраты» жобасы** | **«Мамандықтар әлемін ашамыз»** | Форум | 03.03.2022 | 1-4 сыныптар | Анарқұл Ш Сынып жетекшілері |
| | | **«ЭКОstart» жобасы** | **«Оңтүстіктің киелі мекендеріне саяхат»** | конкурс «Сурет» номинациясы | 03.03.2022 | 7-9 сыныптар | Анарқұл Ш Сынып жетекшілері |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТ ТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Дәстүр мен тұрып» жобасы** | **«Сырласайық сырғалым»** */Жеңге мен қайынсіңілінің қатысуымен/* | Сайыс | 07.03.2022 | 9 сыныптар | Кузенбаева М Сынып жетекшілері |
| | | | 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай **«Әлем бесігін тербебетін жан-АНА»** | Мерекелік іс-шара | 07.03.2022 | 9-11сыныптар Мектеп ұжымы | Кузенбаева М |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай **«Ауырмаймын десең...»** | Бюллетень сайысы | 10.03.2022 | 1-4 сыныптар | Искакова З Дюсенова Ж Серкулова Г Бишова Б |
| | | | **«Білгіштер»** | Қазақ ойындары брейн-рингі | 17.03.2022 | 9-11 сыныптар | Кузенбаева М Шуменов У Бурлибаева Г |
| | | | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** | Қазақтың ұлттық ойындары | 18.03.2022 | 5-7 сыныптар | Кузенбаева М Құрбанбеков Е Жакып Ж |

# СӘУІР АЙЫ

- *12 сәуір-Ғылым күні*
- *Адамның ғарышқа ұшқанына– 62 жыл*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Өрле Қазақстан»** | Патриоттық әндер байқауы | 05.04.2022 | 1-4 сыныптар | Кузенбаева М Шуменов У |
| | | | 12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай **«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ!»** атты іс-шаралар | дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары | 06.04.2022 | 5-10 сыныптар | Кузенбаева М Бекназарова Н |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Достық - көмекпен мықты»** | Идеялар аукционы | 08.04.2022 | 5-9 сыныптар | Кузенбаева М Анаркүл Ш |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен гұрып» жобасы** | **«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»** | Сән апталығы | 11.-15.04.2022 | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М Сынып жетекшілер |
| | | | **«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»** | Бейне түсірілім | 12.04.2022 | 8-11 сыныптар | Кузенбаева М Анаркүл Ш |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ»** жобасы | **«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»** | Бейне көрсетілім | 13.04.2022 | 1-4 сыныптар | Кузенбаева М Сынып жетекш. |
| | | | **«Екі жұлдыз»** *отбасылық ән байқауы* | Байқау | 14.04.2022 | 1-10 сыныптар | Кузенбаева М Анаркүл Ш |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ** | **«ЭКОstart»** жобасы **«Үнем - қоғам** | **«Табиғат тамашалары»** | Суреттер байқауы | 15.04.2022 | 5-6 сыныптар | Анаркүл Ш Сынып жетекшілері |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **қуаты»** жобасы | **«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»** | Дебат | 20.04.2022 | Клуб мүшелері | Анаркүл Ш |
| **6** | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса»** жобасы | **«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы** | «TEDx» жобасы | 22.04.2022 | 9-11 сыныптар | Кузенбаева М Аяпова М |
| **7** | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Дәстүр мен ғұрып»** жобасы | **«Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»** | Өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығы | 25.04.2022 | 8-9 сыныптар | Кузенбаева М Сынып жетекшілері |
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау»** жобасы | 7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай **«Дені сау ұрпақ-ел болашағы»** | Мамандармен кездесуі | 28.04.2022 | 1-7 сыныптар | Кузенбаева М Искакова З |

# МАМЫР– «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық»

- *1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр-Жеңіс күні*
- *31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Мерзімі | Қатысуш ылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған **«Патриот»** апталығы /арнайы жоспар/ | Апталық | 02.-06.05.2022 | 1-11сынып | Кузенбаева М Аяпов Т Сынып жетекшілер |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | «Адал friends» жобасы | **«Тағдырыңның кілті - өз қолыңда!»** | Пікірталас | 05.05.2022 | 9-11 сынып | Кузенбаева М |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ»** жобасы | **«Тарихтан тағылым-өткенге тағзым»** */31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /* | Тәрбие сағаты | 12.05.2022 | 1-4 сынып | Кузенбаева М Сынып жетекшілер |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы | **«Оқырмандар отбасы»** | Байқау | 17.04.2022 | 1-11 сынып | Кузенбаева М Анапқұл Ш |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үнем - қоғам қуаты»** жобасы | **«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы»** | Пікірталас | 18.04.2022 | 7-9 сынып | Кузенбаева М Анарқұл Ш Тыныштық А |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Ұстазға алғыс»** | Бейне блогтар челленджі | 20.04.2022 | 10-11 сынып | Кузенбаева М Анарқұл Ш |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан»** */1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні/* | Мерекелік концерт | 29.04.2022 | 1-10 сыныптар | Кузенбаева М Таскулова А Жиенбаева У |
| | | | **«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2022» «Қош бол,алтын ұя, мектебім»** *(мектеп түлектерінің аттестат алу кеші)* | Салтанатты жиын | 25.05.2022 | 9-11 сыныптар | Кузенбаева М Анарқұл Ш |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»** | Танымдық сабақ | 27.04.2022 | 1-11 сыныптар | Кузенбаева М Сынып жетекшілер |

**№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

# Тәрбие сағаты

# «Баланың бас ұстазы ата-ана»

**Сынып: 9**

**Сынып жетекшісі:Бурлибаева Г.А**

2021-2022 оқу жылы.

# Баланың бас ұстазы ата-ана.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі,мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек , отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат-әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан — жақты дамуына ата-ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін-өзі басқаратын азамат болуына ат салысу кажет.

Бізде көптеген ата-аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу-үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қарап, үлгерімі нашарлайды. Ата-ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді.Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 6 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата-ана болып қала береді.Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшырғаннан не пайда? Ол өзінде, өзгені де мерт етпей ме?

Сонымен әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістей өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата-ананың қолында.

Енді ата-ананың балаға ықпал ету әдістеріне тоқталар болсақ:

Әдістер Мазмұндық көрсеткіштер Нәтежелер

1 Ықпал ету арқылы баланың өзіне сенімін ныгайту

Нандыру, сендіру, иландыру, ақыл кеңес,іс-әрекетін қуаттау, нұсқау, қолдау, орынды көтермелеу, дәлелдеу, дұрыс бағалау, әділ ескерту, баламен санасу, пікірлес болу. Өзіне сенімі артады

2 Ықпал ету арқылы тежеу

Ата-ананың балаға дегенін күштеп істеуі, қақпайлау, үстемдік пиғылын көрсету,беделімен басыну, санаспау. Тартыншақ,

қорқақ, ырықсыз,өтірік,

жігерсіз,жалтақ

3 Ықпал ету арқылы қуаныш сезімін ояту

Орынды мақтау, мадақтау, көңілін көтеру, демалысын ұйымдастыру, керекті деңгейде қажетін өндеу.

Көңілі өсіп марқаяды,батырлық, өзіне сенімі, өмірге құштарлығы, қабілеттері ашылады

4 Теріс әрекетке түрткі болатын әдістер

Баланың ырқына көну, еркелету,балаға мән бермеу,бақылаусыз қалдыру, жәбірлеу, зекіп ұрсу,орынсыз кінәлау,алдау,мазақ ету, нашар үлгі көрсету Қырсық, өзімшіл, жалқау, рақымсыз, ұқыпсыз, ынтасыз, озбыр, бірбеткей, қатыгез.
Қоршаған ортадағы теріс әрекеттерден үнемі сақтандырып отырса, мұғалім мен ата-ана әрқашан сергектік, шыдамдылық танытып, жан жылуын беріп, шеберлік көрсете білсе, онда балаларымыз өзімшіл болмай, қиындықтан қашпай, міндеті мен парызын орындайтын ұрпақ болары анық. Өзімшіл болып өспесін десеңіз, мына қателіктерге жол бермеңіз:

1. Егер сен мен қалағандай болмасаң, мен сені жақсы көрмеймін;
2. Не істесең, оны істе маған бәрібір;
3. Аса қаталдық, яғни «Мен нені айтсам соны орындауың керек. Өйткені мен үйдің басшысымын»
4.Балаларды тым еркелету,
5.Саған көңіл бөлуге уақытым жоқ,
6.Балаңызды тым көп ақшамен қамтамасыз етпе;
7. Баланың ісіне көңіл күйіңізге қарап баға беру, яғни көңіл күйіңіз нашар болса оның қуанышына ортақтаспау, әңгімесіне құлақ аспау.
Ата-ана балаларын адалдыққа үйретемін десе:
* Айтқан сөзінде тұру керек. Қандай да бір жағдайда уәдеңізді орындай алмасаңыз, балаңызға не себепті орындай алмағаныңызды айтып кешірім сұраңыз.
* Егер балаңызға өзіңіз өтірік айтып қойған болсаңыз, мойындап, не себепті өтірік айтқаныңызды айтып түсіндіріңіз.
*Бала шындығын айтқанда қолпаштап отырыңыз. Әсіресе айтуына қиын болған сәттерде.
* Балаға көп талап қоймаңыз және одан қабілетінен тыс көп нәрселерді күтпеңіз. Есіңізде сақтаңыз: Талап көп және қатаң болған сайын, бала жазаланудан қашу үшін өтірікті қорғану әдісі ретінде көп қолданады.
Ата-аналар мектеппен тығыз байланыста болу керек. Кез келген уақытта сабаққа қатысу керек. Барлық сабақтан «5» болып, орыс тілі, әннен «4» болса сізді ойландыруы тиіс. Балаға сол сабақтарға қарауға бағыт беру керек. Бала өнегелі болса, сөз жоқ, ол көрікті болады. Сіз, құрметті ата-ана, ұлыңыздың немесе қызыңыздың мектепте нашар оқығанын қаламайтыныңыз белгілі. Кейде, немесе, күнде балаңыз «2» деген нашар баға алса, онда оған ренжисіз, сөгесіз, тіпті тілдеп те жібересіз. Сондай кезде баламен ұрыс-керіс тудырмай-ақ түсініcіп, жөн сілтеуге бола ма? Әрине, болады.

Ендеше психологиялық-педагогикалық тұрғыдан берілетін төмендегі 14 кеңеске құлақ түріңіз:
1. Таңертең (не түсте) сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үніңіз бен күлкіңіз-ақ ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс-керіс ұйымдастырмаңыз.
2. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
3. Баланы сабаққа (әсіресе таңертең) ашқұрсақ жібермеңіз;
4. «Бұзық болма!», «Қисаландамай тыныш жүр!», «Бүгін 2 алсаң құртамын!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік білдіріңіз;
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балыңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірдеңені айтпақшы болса, «сені тыңдауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;

6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады;
7. Баланың бір қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы қатыстырмаңыз;
8. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі-сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
9. Бір мезгілдіе барлық сабаққа әзірленуін талап етпеңіз. Әр сабаққа әзірленген кезде үзіліс жасау дұрыс;
10.Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.

11.«Егер, сен, осы сабақты орындамасаң!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.
12.Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.
13.Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.
14.Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз. Халық даналығында: «Баланы 5-ке дейін патшаңдай көтер, 15-ке дейін құлыңдай жұмса, 15-тен кейін досыңдай сыйла,» — деген керемет ұлағатты нақыл сөз бар. Соны әрдайым басшылыққа алыңыз. Бала бойындағы жағымсыз мінез-құлықтар үнемі есепке алынса; ата-ана мен мұғалім бірлікте болып, баланың жақсы, жағымды істерін ылғи марапаттау қажет.
Ата –ананың міндеті:
1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабақтан келген баланың күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркінізбен оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету;
6. Мектептегі ұйымдастырылған ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу;
Ата-аналар кодексінде: Ата-ана ерекше жағдайда ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндетті; Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру-ақыл айту емес. Баланы жақсы көргеніңізді мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз. Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуға құқыңыз бар. Ата-аналарға арналған этикалық кодекс
1. Мектеп білім ошағы екенін есте ұстаңыз.
2. Мұғалімнің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз.

3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес,ортақ іс екенін ұмытпаңыз.
4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып ,бөгде орындарға таратпаңыз.
5. Мектеп – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз.
6. Мектепішілік және сыныптағы ата-аналар жиналысынан қалыс қалмаңыз.
7. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз, оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз.
8. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін, күнделігін, дәптерін қадағалап отырыңыз.
9. Егер мектепке сабақ уақытында келсеңіз, сынып жетекшісін немесе балаңызды арнайы күту орнында күтіңіз.

10. Өз мүмкіндігіңізге карай мектепте өтілетін, қала көлемінде өтілетін мерекелік шараларға, байкауларға катысыңыз.
11. Мектеп ішінде, сыныпта бола калған қиын мәселелі жағдайларда оны мынадай тәртіппен шешуге тырысыңыз: Сынып жетекшісі; Пән мұғалімі (кажет жағдайда); Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; Әлеуметтік педагог; Мектеп басшысы.
Өз тәжірибеме сүйенер болсам. Ата — анамен бірлесе жұмыс істесек көптеген жетістіктерге жетуге болады. Оның дәлелі қалалық ғылыми жобалар сайысында өзімнің оқушым Рымбеков Әділет республикалык ғылыми жобалар сайысында ІІ-орын алды. Ал калалык ғылыми жобалар сайысында Каиров Нариман І орын иеленсе, Касенов Данияр ІІІ орын иеленді. Биылғы оку жылындағы мектепішілік пән олимиадаларында математика пәнінен Киреева Азиза І-орын иегері болса, 3 оқушым жүлделі орын иегері болды, казақ тілі пәні бойынша 7 оқушы жүлделі орынға иеленді, оның төртеуі І-орын иегері. Мектеп ішінде өтетін апталықтарда сыныбым бірінші орынды ешкімге бермей, өз қоржынымызға салады.

Қалалық облыстық тоғызқұмалак, шахмат ойынының жеңімпаздары да осы сыныптан табылады. Сынып оқушыларының белсенділігінің жоғары екенінің бірден бір дәлелі 2010 — 2011 оқу жылының рейтингісі бойынша І-орын алып грамотамен марапатталдық. Сонымен катар биылғы оқу жылы кала көлемінде болған «Патриот бол-түбіртекті талап ет» сайысында канжығамызға ІІІ орынды байладық.
Сыныптың ата — аналары да белсенділік жағынан жоғары деңгейде. Оның дәлелі қалаға берілген ашық сынып сағаты «Шаңырақ шаттығы», «Аяулы менің мектебім», «Әй, осы балалар ай»т.б Қорыта келгенде,оқушылардың өзіндік танымын жетілдірсек, тек ақылды ғана емес, сонымен катар өз іс — әрекетін сараптап, жан – жүрегімен сезіне алатын жоғары білімді ұрпақ тәрбиелей аламыз деген сенімдемін.
Қателігін түсіне білетін,
Дұрыс жүріп, кұтіне білетін,
Үлкенді сыйлап, кішіні сүйетін,
Білімді жинап, дүниені шолатындай,
— балаларыңыз, үлкен азамат болып өссін.
Сондыктан үш одақ оқушы, ұстаз, ата – ана жұмысындағы сабақтастық және ынтымактастық өз үйлесімін табуы тиіс.

Түркістан облысы, Келес ауданы

№109 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебі

# Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Сүйіспеншілікпен өмір сүру.

Мұғалімі: Елеуова А.

«Сүйіспеншілікпен өмір сүру » тақырыбында әңгімелер мен оқушылардың әлеуметтік жобаларының презентациясы.

04.02.2019ж.

№109 С.Бегалин жалпы орта мектебінде он күндік іс-шарасында оқушылар арасында «Сүйіспеншілікпен өмір сүру» тақырыбында әңгімелер мен әлеуметтік жобаларының презентациясы болып өтті. Оның қорытындысы ағымдағы жылдың 04. ақпанында шығарылды.

Болған іс-шараға атсалысып қатысқан оқушылар марапатталды. Қалған оқушыларға алғыс хаттар мен мақтау сөздер айтылды.

Біз оқушыларға сүйіспеншілік бар жерде бақытта, байлықта бірге жүретіндігін айтып түсіндірдік.











№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Рекселін ...

# Тәрбие сағаты

# «Берекелі отбасы»

**Сынып: 7**

**Сынып жетекшісі:Пәзілбек Бердосбек**

2021-2022 оқу жылы.

**Пән мұғалімі**: Пәзілбек Бердосбек Алтынбекұлы

**Тәрбие сағатының тақырыбы**: Берекелі отбасы

**Тәрбие сағатының мақсаты**: ата- ана мен бала арасындағы ізгі қарым – қатынастың орнауына ықпал ету. Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету. Ата – ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір- біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата- ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата – ана екенін түсіндіру.

**Тәрбие сағаттың көрнекілігі**: нақыл сөздер, шарлар, слайдтар.

**Әдісі:** пікірлесу, сұрақ-жауап, тренингтер, ситуациялық сұрақтар.

**Түрі:** сайыс.

**Барысы:**

- Құрметті ата- аналар, ұстаздар! 3 «А» сыныбының өткізгелі отырған «Берекелі отбасы» атты ашық тәрбие сағатына қош келіпсіздер! Қазақ қоғамында отбасы – өмірдің тұтқасы, оттың маңайына жан балқытар жылуы. Қазақтың ошағы дөңгелек үйдің ішінде болады да, бүкіл жайдарлық жағылған отқа үйіріледі. Отбасының амандығы, ошақтағы оттың маздап тұруы – үмітінің өшпес алауы. Үй ішінің қызықкка, қуанышқа толы болуы да соған байланысты.Оттың басы, ошақтың қасы- ырыстың ұйытқысы. Сондықтан қазақ отының басын тіршілігінің тұтқасы санап аялайды. Қазіргі қоғамда ата – ана баласынан не күтеді? Ата – ананың бақыты неде? Баласы ата – анасын қалай бақытты етпек?

Міне, осы тұрғыда сөз қозғалатын «Берекелі отбасы» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Сайысқа қатысуға келген отбасыларымен таныстырайын.

1-отбасы: Халықбергеновтар отбасы

2-отбасы: Асановтар отбасы

3-отбасы: Төлеубаевтар отбасы

Сайысымызды бастамас бұрын әділ-қазылар мүшелерімен таныстырып өтейін.

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Марал Кітабайқызы
2. Ғылыми әдіскер – Камила Мұхаммединқызы
3. Бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі – Сара Бақтыбайқызы.

**Сайыс мынадай бөлімдерден тұрады:**

1. Отбасын таныстыру
2. Ситуациялық сұрақтар
3. Ситуациялық жағдаяттар «Қонақ күту әдебі»
4. Маржан сөздер сайысы (бала тәрбиесі туралы мақал-мәтел, нақыл сөздер айту)
5. «Кім зерек?»
6. Отбасы дәстүрі

7«Сегіз қырлы, бір сырлы » (Өз өнерлерін көрсету)

Сайыкерлеріміз дайын болғанша балалар, мына сұрақтарға жауап берейікші.

- Отбасы деген сөзді қалай түсінесің?
- Отбасына кімдер жатады?

Қырғиларға қызығып қарап өтем.

**Қорытынды.**

- Ата – ана мен баланың арасындағы қарым – қатынас қандай болу керек?
- Баланың отбасындағы міндеттері қандай болу керек?
- Отбасы дегеніміз өте жақын адамдар. Отбасында бәрі бір – бірін жақсы көреді және қамқор болады.

Ата – ананы тыңдайық,
Айтқанынан шықпайық.
Ал, достарды қолдайық,
Қиын шақта қорғайық.
Отбасымыз аман, деніміз сау болсын!

Ата – аналарға арналған тапсырма Сөйлемді аяқтау.

1. Егер баланы үнемі сынап отырса... (оқуға құлқы болмайды).
2. Балаға үнемі күлсе....(бұйығы болып өседі).
3. Баланы қолдап отырса......(өз қадірі үшін оқиды).
4. Бала кекшілдікте өссе...(ол қатыгез болып өседі).
5. Бала төзімділікте өссе......(адал болып өседі).

Бейнекөрініс «Бала тәрбиесі»

- Құрметті ата- аналар, балалар!
- Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
  Өнерімен қуантады түбінде.
  Бала нені білсе жастан, ұядан-
  Өл – өлгенше соны таныр қиядан.
  Өнер – білім берем десең басынан,
  Бер оқуға балаларды жасынан.
  Ата – анадан өсіп ұрпақ тараған
  Жақсы – жаман болса бала солардан,- деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, ата – ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы ата – аналар , сіздерге байланысты. Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, қуаныш, береке, бақыт тілей отырып, келесі орындалатын би сіздерге арналады. Би «Бала тілегі»

  Сабағымызды қорытындылай келе қай топ көп ұпай жинағанын білу үшін сөз кезегін қазылар алқасына береміз. Қатысушыларды марапаттау. Назарларыңызға рахмет!

Тексерілді
Кф

Түркістан облысы

Келес ауданы

№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта мектебі

# Ашық тәрбие сағаты

Сабақтың тақырыбы:Адамды тұрар адам қып,

Парасаттылық, адалдық.

Сынып: 11

Орындаған: Жакипбеков К

2021-2022 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Түркістан облысы Келес ауданы

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекеме

# «Бәрі де жеңіс үшін Шығыстың қос шынары»

Тәрбие сағаты

**6 сынып**

Сынып жетекшісі: Жиенбаева. У

2021-2022 оқу жылы


Ұлы жеңіс күні


9-мамыр - Жеңіс күні.

Түркістан облысы Келес ауданы

№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта мектебі

# Ашық тәрбие сағаты

## 9-сынып

Сабақтың тақырыбы; «Әдептілік - адамгершілік бастауы»

Мұғалімі;Шуменов У

2021-2022 оқу жылы





Түркістан облысы Келес ауданы.

№52 С Бегалин атындағы жалпы орта мектебі.

# АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

**Тақырыбы:** ***Отан үшін күрес, елге тиген үлес***

**Өткізген:** ***Аманкелді Бикелді***

***Сынып 7***

2020-2021 оқу жылы





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі

Түркістан облысы Келес ауданы

№52. С.Бегалин атындағы жалпы орта мектебі

**Тәрбие сағаты**

**4 «ә»сынып**

**Тақырып. «Адалдық, парасаттылық-адамдықтың белгісі»**

Орындаған. Дюсенова Ж

2020-2021ж





Түркістан облысы Келес ауданы

№52 С.Бегалин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Менің мамандығым - менің болашағым

2021-2022 оқу жылы






№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі




# АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

# «Жемқорлыққа жол жоқ !»

(9 сыныбында өтілген тәрбие сағаты)

**Сынып жетекшісі : А.Таскуловаа**

2021-2022 оқу жылы




ЖЕМ
ҚОРЛ
ЫҚҚ
А ЖОЛ
ЖОҚ!

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# ТӘРБИЕ САҒАТЫ

# «Абайлаңыз балақай!»

**6 сынып жетекшісі: Аманкелді Б**

2021-2022 оқу жылы




Абайлаңыз балақай !



**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## ТӘРБИЕ САҒАТЫ

# «Үлкенге құрмет - кішіге ізет»

**3ᵃ сынып жетекшісі: Ирисбекова К**

2021-2022 оқу жылы









**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## ТӘРБИЕ САҒАТЫ

# « Таза болса табиғат, аман болар адамзат»

**9 сынып жетекшісі: Таскулова А**

2021-2022 оқу жылы


STOP



№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# «Мың мамандық бәрі бар. Таңдап талғап бірін ал!»

Орындаған : 11 сынып жетекшісі

Орынбеков С

2021-2022 оқу жылы

